

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 қаңтардағы N 106 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 3 желтоқсандағы N 1265 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 18 қазандағы N 1070 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.10.18 N 1070 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Азаматтық авиация саласындағы кейбір нормативтік құқықтық кесімдерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 қаңтардағы N 106 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 4, 53-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1) көрсетілген қаулымен бекітілген Азаматтық әуе кемелерін пайдаланушыларды және олар көрсететін қызметтерді сертификаттау ережесінде :

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Уәкілетті орган ұсынылған құжаттарды қарайды және 30 (отыз) күннен аспайтын мерзімде ол туралы өтініш берушіге хабарланатын олар бойынша тиісті шешім (3-қосымша) қабылдайды.";

41-тармақтағы "басқа да өзгерістер болған" деген сөздер алынып тасталсын; мемлекеттік тілдегі мәтінде 1-қосымшаның мәтіні бойынша "Азаматтық әуе кемелерін пайдаланушылардың қызметтерін" деген сөздер "Азаматтық әуе кемелерін пайдаланушыларды және олар көрсететін қызметтерді" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

3 - қ о с ы м ш а д а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Пайдаланушының сертификатын алуға арналған өтінім бойынша шешім";

4 - қ о с ы м ш а д а :

15-тараудың 3-тармағындағы "г)" деген аббревиатура "8)" деген санмен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Аса жеңіл авиация саласындағы сертификаттау ережесінде:

12-тармақтың екінші абзацы "үлгісі" деген сөзден кейін "немесе данасы"

деген сөздермен толықтырылсын;

18-тармақтағы "16" деген сандар "17," деген сандармен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК